

"Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1021 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 807 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 26 мамырдағы № 201 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2026 жылғы 26 мамырдағы № 56 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 мамырда № 38803 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1021 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 807 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12701 болып тіркелген) (бұдан әрі – бірлескен бұйрық) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 8), 9), 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын :

"8) осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жартылай стационар жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес үйде қызмет көрсету жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектілердің (

ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

11) осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы.";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрықтың 2, 3, 4 және 5-қосымшаларына сәйкес 10, 11, 12 және 13-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оны "Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі" цифрлық жүйесінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне жолдауды;

4) осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өлшемшарттардың 3-параграфының тақырыбы, Өлшемшарттардың 12 және 13-тармақтары, Өлшемшарттарға 1-қосымшаның реттік нөмірлері 5, 79, 80, 83, 84, 85, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96-жолдары, 2-қосымшаның реттік нөмірі 2-жолы, 3-қосымша, бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаның реттік нөмірі 3-жолы, 3-қосымшаның реттік нөмірі 3-жолы, 4-қосымшаның реттік нөмірі 3-жолы, 5-қосымшаның реттік нөмірі 3-жолы, 10-

қосымшаның реттік нөмірі 2-жолы, 11-қосымшаның реттік нөмірі 2-жолы және 13-қосымшаның реттік нөмірі 2-жолы 2026 жылғы 12 шілдеден бастап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3-параграф. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылық ескеріле отырып, цифрлық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері";

"12. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын цифрлық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың цифрлық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

13. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылықты ескере отырып, цифрлық жүйелерді пайдаланатын аумақтық департаменттер үшін тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру кезінде субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу, сондай-ақ бақылау субъектісі жоғары, орташа немесе төмен тәуекел дәрежесіне жататын тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері, осы өлшемшарттарға 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленеді.";

Өлшемшарттарға 1-қосымшаның реттік нөмірлері 5, 79, 80, 83, 84, 85, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96-жолдары:

"

5	Қызмет алушылардың нақты құрамының "Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік қызметтер порталының деректеріне сәйкес келуі	болмашы
	Бұқаралық ақпарат құралдарының ресми ақпарат көздерінен және мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарынан және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Интерактивтік	

79	қолжетімділік картасы" цифрлық порталындағы мәліметтерден мүгедектігі бар адамдардың кіріс т о п т а р ы н а , санитариялық-тұрмыстық орынжайларға, объект аумағында, объектілерге баратын жолдарға қолжетімділігі қамтамасыз етілмеу фактісінің болуы	өрескел
80	Бұқаралық ақпарат құралдарының ресми көздерінен, мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарынан және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Интерактивтік қолжетімділік картасы" цифрлық порталындағы мәліметтерден мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету аймақтарына, объектілерде ақпарат және телекоммуникация құралдарына, қоғамдық көлік түрлеріне қолжетімділігі қамтамасыз етілмеу фактісінің болуы	елеулі
83	Жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі - ЖАО) деректері бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтің кепілдік берілген көлемін алушылардың нақты құрамының "Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының есептік деректеріне сәйкес келмеуі	елеулі
84	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесіндегі немесе ЖАО-ның ақпаратындағы және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректер бойынша әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық қызметтердің кепілдік берілген көлемінің орындалмау фактісінің болуы	өрескел
	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің немесе ЖАО ақпаратының және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректері бойынша әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық,	

85	әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық қызметтердің кепілдік берілген көлемінің орындалмау фактісінің болуы	елеулі
88	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің немесе ЖАО ақпаратының және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректері бойынша мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен , сурдотехникалық құралдармен, тифлотехникалық құралдармен және арнайы жүріп-тұру құралдармен (кресло-арбалармен) қамтамасыз ету бөлігінде оңалту іс-шараларының орындалмау фактісінің болуы	өрескел
89	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің немесе ЖАО ақпаратының және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректері бойынша мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес санаторий-курорттық емделумен, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерді жеке көмекшінің қызметтерімен, есту қабілеті нашар мүгедектерді ымдау тілі маманымен, міндетті гигиеналық құралдармен, стационар, жартылай стационар және үйде қызмет көрсету жағдайларында халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерімен қамтамасыз ету бөлігінде оңалту іс-шараларының орындалмау фактісінің болуы	елеулі
90	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Интерактивтік қолжетімділік картасы" цифрлық порталындағы мәліметтерден мүгедектігі бар адамдардың кіреберіс топтарға,	өрескел

	санитариялық-тұрмыстық орынжайларға, объекті аумағына, объектілердің қозғалыс жолына кіруін қамтамасыз етпеу фактісінің болуы	
91	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Интерактивтік қолжетімділік картасы" цифрлық порталындағы мәліметтерден мүгедектігі бар адамдардың қызмет көрсету аймақтарына, объектідегі ақпарат және телекоммуникация құралдарына қол жеткізуін қамтамасыз етпеу фактісінің болуы	өрескел
92	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректері бойынша мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен , сурдотехникалық құралдармен, тифлотехникалық құралдармен және арнайы жүріп-тұру құралдарымен (кресло-арбалармен) қамтамасыз ету бөлігінде оңалту іс-шараларын орындамау фактісінің болуы	өрескел
93	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректері бойынша санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету бөлігінде, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметтерімен, есту бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін есту тілі маманымен, стационар жағдайында халықты әлеуметтік қорғау саласындағы міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету бөлігінде, мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес жартылай стационарда және үйде қызмет көрсету жағдайында	елеулі

	оңалту іс-шараларын орындамау фактісінің болуы	
94	Жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі - ЖАО) деректері бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемін алушылардың нақты құрамының "Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының есептік деректерімен сәйкес келмеуі	елеулі
95	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының немесе ЖАО ақпаратының деректері бойынша әлеуметтік - тұрмыстық, әлеуметтік - медициналық қызметтердің кепілдік берілген көлемін орындамау фактісінің болуы	өрескел
96	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының немесе ЖАО ақпаратының деректері бойынша әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық қызметтердің кепілдік берілген көлемін орындамау фактісінің болуы	елеулі

".
,"

Өлшемшарттарға 2-қосымшаның реттік нөмірі 2-жолы:

"

2	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтермен немесе жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінен ғимаратқа (үй-жайға) жалдау шартымен расталатын меншік құқығындағы немесе жалдау шартының негізіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге жарамды ғимараттың немесе үй-жайдың болуын қамтамасыз етпеу.	өрескел
---	---	---------

	Біліктілік талаптары үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғаларға қолданылмайды.	
--	---	--

".

"Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
3-қосымша

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі

Р/с №	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), wі	Шарттар / мәндер, хі	
				1-шарты / мәні	2-шарты / мәні
1	2	3	4	5	6
Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін					
1	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің немесе ЖАО ақпаратының және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректері бойынша мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық құралдармен, тифлотехникалық құралдармен және арнайы	Әлеуметтік қызметтер порталында тіркелу үшін өнім беруші ұсынған құжаттар топтамасын	100%	Қамтамасыз ету	

	жүріп-тұру құралдармен (кресло-арбалармен) қамтамасыз ету бөлігінде оңалту іс-шараларының орындалмау фактісінің болуы	зерделеу негізінде әлеуметтік қызметтер порталының деректерін және Комиссия қорытындысының нәтижелерін талдау.			Қамтамасыз етілмеген
2	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің немесе ЖАО ақпаратының және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректері бойынша мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес санаторий-курорттық емделумен, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметтерімен, есту қабілеті нашар мүгедектігі бар адамдарды ымдау тілі маманымен, міндетті гигиеналық құралдармен, стационар, жартылай стационар және үйде қызмет көрсету жағдайларында халықты		70%	Қамтамасыз ету	

	әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерімен қамтамасыз ету бөлігінде оңалту іс-шараларының орындалмау фактісінің болуы				Қамтамасыз етілмеген
Біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру үшін					
3	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің немесе ЖАО ақпаратының және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректері бойынша мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық құралдармен, тифлотехникалық құралдармен және арнайы жүріп-тұру құралдармен (кресло-арбалармен) қамтамасыз ету бөлігінде оңалту іс-шараларының орындалмау фактісінің болуы	Әлеуметтік қызметтер порталында	100%	Қамтамасыз ету	Қамтамасыз етілмеген
	"Е-Собес" автоматтандырылған цифрлық				

4	жүйесінің немесе ЖАО ақпаратының және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректері бойынша мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалтудың ж е к е бағдарламасына с ә й к е с санаторий-курорттық емделумен, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметтерімен, есту қабілеті н а ш а р мүгедектігі бар адамдарды ымдау тілі маманымен, міндетті гигиеналық құралдармен, стационар, жартылай стационар және үйде қызмет көрсету жағдайларында халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерімен қамтамасыз ету бөлігінде оңалту іс-шараларының орындалмау фактісінің болуы	тіркелу үшін өнім беруші ұсынған құжаттар топтамасын зерделеу негізінде әлеуметтік қызметтер порталының деректерін және Комиссия қорытындысын ың нәтижелерін талдау.	70%	Қамтамасыз ету	Қамтамасыз етілмеген
---	--	---	-----	----------------	----------------------

Шаблонды толтыру бойынша нұсқаулық:

1) субъективті өлшемшарттардың көрсеткіштері мемлекеттік бақылаудың әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін айқындалады;

2) 2-бағанда субъективті өлшемшарт көрсеткіші көрсетіледі;

3) 3-бағанда ақпараттың басым көздері көрсетіледі;

4) 4-бағанда балдардағы субъективті өлшемшарт көрсеткішінің маңыздылығы бойынша үлес салмағы көрсетіледі. Осы баған бойынша барлық жолдардың қосындысы 100 баллға дейін болуы тиіс;

5) 5-бағанда субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеуде субъективті өлшемшарт көрсеткішін есепке алу шарттары және әрбір шартқа сәйкес келетін субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің сандық мәндері көрсетіледі. Сандық мәндер тәуекелдің жоғарылауына байланысты 0-ден 100-ге дейінгі пайызбен көрсетіледі.";

бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаның реттік нөмірі 3-жолы:

"

3	Қызмет алушылардың нақты құрамының "Е - С о б е с" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік қызметтер порталының деректеріне сәйкес келуі		
---	---	--	--

".
;

бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаның реттік нөмірі 3-жолы:

"

3	Қызмет алушылардың нақты құрамының "Е - С о б е с" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы деректеріне сәйкес келуі		
---	---	--	--

".
;

бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаның реттік нөмірі 3-жолы:

"

3	Қызмет алушылардың нақты құрамының "Е - С о б е с" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының деректеріне сәйкес келуі		
---	--	--	--

".

;

бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаның реттік нөмірі 3-жолы:

"

3	Қызмет алушылардың нақты құрамының "Е - С о б е с" автоматтандырылған цифрлық жүйесінің және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы деректеріне сәйкес келуі		
---	---	--	--

".

;

бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаның реттік нөмірі 2-жолы:

"

2	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтермен немесе жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінен ғимаратқа (үй-жайға) жалдау шартымен расталатын меншік құқығындағы немесе жалдау шартының негізіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге жарамды ғимараттың немесе үй-жайдың болуы		
---	--	--	--

".

;

бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаның реттік нөмірі 2-жолы:

"

2	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтермен немесе жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінен ғимаратқа (үй-жайға) жалдау шартымен расталатын меншік құқығындағы немесе жалдау шартының негізіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер		
---	--	--	--

	көрсетуге жарамды ғимараттың немесе үй-жайдың болуы		
--	---	--	--

"
,
"
"

Бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаның реттік нөмірі 2-жолы:

2	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтермен немесе жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінен ғимаратқа (үй-жайға) жалдау шартымен расталатын меншік құқығындағы немесе жалдау шартының негізіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге жарамды ғимараттың немесе үй-жайдың болуы		
---	---	--	--

"
.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы

_____ А. Амрин

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

_____ А. Ертаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 26 мамырдағы
№ 56 мен
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2026 жылғы 26 мамырдағы
№ 201 Бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына (бұдан әрі – Кодекс), Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер (бұдан әрі – біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру) және субъектіге (объектінің) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру кезінде бақылау субъектілерін іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;
- 2) болмашы бұзушылық - өрескел және елеулі бұзушылықтарға жатпайтын, нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу;
- 3) деректерді қалыпқа келтіру-әртүрлі шкалаларда өлшенген мәндерді шартты жалпы шкалаға келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;
- 4) елеулі бұзушылық – мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу:

қызмет алушыға қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсыну туралы шешім шығару мерзімдерін бұзу және жергілікті атқарушы

органдардың/олар уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін субъектілердің қызметіне қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынуға бағалау жүргізу және қажеттілікті айқындау мерзімдерін бұзу;

қызмет алушыға ұйымның мамандарының қадағалауынан кейін жеке жұмыс жоспарын мерзімдерін бұзуы, жеке жұмыс жоспардың және электрондық картотека журналының болмауы және толық толтырылмауы, стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің дәлелді тоқтата тұрылуын және (немесе) тоқтатылуын растайтын құжаттардың болмауы бойынша бұзушылық;

стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-еңбек, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық қызметтер талаптарының бөлігін ұсынудағы бұзушылықтар;

мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту іс-шараларын орындауды жүзеге асыратын субъектілер (ұйымдар) үшін мүгедектігі бар адамдарды санаторий-курорттық емделумен, жүріп тұруы қиын бірінші топ мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекші қызметін, есту қабілеті нашар мүгедектігі бар адамдарға ымдау тілінің маманын, оларды міндетті гигиеналық құралдармен стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту іс-шараларын орындауды жүзеге асыратын халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етпеу бойынша бұзушылықтар;

мүгедектігі бар адамдарды қызмет көрсету аймақтарына, объектідегі ақпарат және телекоммуникация құралдарына, қоғамдық көлік түрлеріне және мәдени ойын-сауық іс-шараларына, сондай-ақ дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін спорт ғимараттарына қолжетімділікті қамтамасыз етпеу, мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік нысандарға қолжетімділігін қамтамасыз ететін субъектілердің (ұйымдардың) арнайы спорт мүкәммалын ұсыну және көлік инфрақұрылымы бойынша бұзушылықтар;

5) іріктемелі жиынтық (іріктеме) – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жататын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі;

6) өрескел бұзушылық – мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу:

стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтің кепілдік берілген көлемін ұсынатын субъектілердің (ұйымдардың) әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-медициналық қызметтер талаптарының бір бөлігін ұсынудағы бұзушылықтар;

мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ететін субъектілердің (ұйымдардың) кіріс топтарына, санитариялық-тұрмыстық орынжайларға, объектінің аумағына, қозғалыс жолына мүгедектігі бар адамдардың қолжетімділігін қамтамасыз етпеу бойынша бұзушылықтар ;

мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес оңалту іс-шараларын орындауды жүзеге асыратын субъектілер (ұйымдар) үшін мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдотехникалық құралдармен, тифлотехникалық құралдармен және арнайы жүріп-тұру құралдарымен (кресло-арбалармен) қамтамасыз етпеу бойынша бұзушылықтар;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету қызметін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған лицензиясыз ұсыну бойынша бұзушылықтар;

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етпеу бойынша бұзушылықтар ;

7) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлкітік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі - объективті өлшемшарттар) - белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі - субъективті өлшемшарттар) - нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – қызметтің тиісті салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін барынша аз мүмкін болатындай дәрежеде шектеу мақсатында, бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын

азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) мұндай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі;

11) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі.

2-тарау. Бақылау және (немесе) тексеру субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

3. Бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады (шешімдерді мультиөлшемшартты талдау).

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел.

Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектілерінің (объектілерінің) қызмет салалары үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектісі (объектісі):

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алғанда;

2) тәуекелдің орташа дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейін қоса алғанда.

4. Мәселенің ықтимал тәуекелі мен маңыздылығына, бұзушылықтың бірегейлігіне немесе жүйелілігіне, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар бұзушылық дәрежесіне сәйкес келеді – өрескел, елеулі және елеусіз.

Бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) субъективті өлшемшарттар бойынша өрескел, елеулі, елеусіз бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

5. Бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

6. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне мыналар жатады:

1) Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында-қызметін стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша болу жағдайларында жүзеге асыратын субъектілер;

2) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласында – мүгедектігі бар адамдардың оңалту іс-шараларын орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау объектілеріне, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге, көлік инфрақұрылымы объектілеріне, сауда, тұрмыстық, тұрғын үй, шаруашылық, коммуналдық, тамақ объектілеріне, қаржы, сақтандыру, ғылыми объектілеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін субъектілер қызмет көрсету, дене шынықтыру және спорт, білім беру, қоғамдық тамақтану, демалыс объектілеріне қызмет көрсету (ойын-сауық инфрақұрылымы және мәдениет саласында).

7. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы тәуекелдің орташа дәрежесіне - өнеркәсіптік, өндірістік қызметті жүзеге асыратын объектілерге, құрылыс, ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі объектілеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін субъектілер жатады.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

8. Субъективті өлшемшарттарды анықтау келесі кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін мәліметтер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Профилактикалық бақылау жүргізу барысында тәуекел дәрежесін бағалау үшін келесі ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) барумен алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

2) әлеуметтік қызметтер порталында тіркелу үшін өнім беруші ұсынған құжаттар топтамасын зерделеу негізінде әлеуметтік қызметтер порталының деректерін және комиссия қорытындысының нәтижелерін талдау.

Біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру барысында тәуекел дәрежесін бағалау үшін келесі ақпарат көздері пайдаланылады:

1) алдыңғы тексерулер нәтижелері;

2) әлеуметтік қызметтер порталында тіркелу үшін өнім беруші ұсынған құжаттар топтамасын зерделеу негізінде әлеуметтік қызметтер порталының деректерін және Комиссия қорытындысының нәтижелерін талдау.

10. Қолда бар ақпарат көздері негізінде аумақтық департаменттер талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар бойынша деректерді қалыптастырады.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Өткен профилактикалық бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты кезекті мемлекеттік бақылау кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

11. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдылығын және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығын негізге ала отырып, осы Өлшемшарттардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес 0-ден 100 балға дейінгі шкала бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес мемлекеттік бақылаудың тиісті саласының ерекшелігін ескере отырып, реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленеді.

Субъективті өлшемшарттардың көрсеткіштері мемлекеттік бақылаудың әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін айқындалады. Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы бойынша үлес салмағы мемлекеттік бақылаудың әрбір саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) әрбір біртекті тобы үшін тәуекелді бағалаудағы көрсеткіштің маңыздылығына байланысты айқындалады. Субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің жол берілетін мәндері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

3-параграф. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылық ескеріле отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері

12. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

13. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік пен құпиялылықты ескере отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын аумақтық департаменттер үшін тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру кезінде субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу, сондай-ақ бақылау субъектісі жоғары, орташа немесе төмен тәуекел дәрежесіне жататын тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері, осы өлшемшарттарға 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленеді.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі

14. Бақылау субъектісін осы өлшемшарттардың 3-тармағына сәйкес тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесі көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Аумақтық департаменттер осы өлшемшарттардың 9-тармағына сәйкес ақпарат жинайды және субъективті өлшемшарттар бойынша дерекқорды дереккөздерден қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру (SP) нәтижелері бойынша осы Қағидалардың (SC) 11-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$, мұндағы

$R_{арал}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобын бақылаудың әрбір субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жататын бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктемелі жиынтық (іріктеме) құрайды.

15. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 100 балл теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және елеусіз дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі:

$SPe = (SP2 \times 100 / SP1) \times 0,7$, мұндағы:

SPe – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP1 – маңызды бұзушылықтардың қажетті саны;

SP2 – анықталған елеулі бұзушылықтар саны.

R – жеке бақылау субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі шкаласы бойынша ең жоғары ықтимал мән (шкаланың жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі шкаласы бойынша мүмкін болатын ең төменгі мән (шкаланың төменгі шекарасы),

R_{арал} – осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

4-тарау. Тексеру парақтары

18. Тексеру парақтары бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес және Кодекстің 143-бабының 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып талаптарды қамтиды.

19. Біртекті топтар бақылау субъектілері (объектілері) жүзеге асыратын қызмет түрлері бойынша да, тіркеу нысаны бойынша да (заңды тұлғалар, жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер) бөлінеді.

20. Тексеру парақтары "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1021 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 807 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12701 болып тіркелген) 2, 3, 4, 5, 6, 7, 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер
көрсету саласындағы және
мүгедектігі бар адамдарды
әлеуметтік қорғау саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

№ р/с	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынуға бағалау жүргізу және қажеттілікті айқындау бойынша	елеулі

	он жұмыс күні мерзімінің сақталуы	
2	Қызметті алушыға қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсыну туралы шешім шығару бойынша үш жұмыс күні мерзімінің сақталуы	елеулі
3	Қызмет алушыға ұйымның мамандарының қадағалауынан кейін жеке жұмыс жоспарын әзірлеу бойынша күнтізбелік он төрт күн мерзімінің сақталуы	елеулі
4	Қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, жеке жұмыс жоспарының және электрондық картотека журналының болуы және толтырылуы	өрескел
5	Қызмет алушылардың нақты құрамының "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің және әлеуметтік қызметтер порталының деректеріне сәйкес келуі	болмашы
6	Қызмет алушыға қатысты арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің дәлелді тоқтатыла тұруын және (немесе) тоқтатылуын растайтын құжаттардың болуы	елеулі
7	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: медициналық-әлеуметтік мекемелерде, оңалту орталықтарында, мүгедектігі бар балаларға арналған оқу орындарында, аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында, күндіз болу бөлімшелерінде, әлеуметтік бейімдеу орталықтарында қызмет көрсетілетін адамдар үшін заттай тамақтану, диеталық тамақтануды қоса алғанда, тамақ ұсыну; жеке қызмет көрсетушінің әлеуметтік-тұрмыстық және гигиеналық сипаттағы қызметті көрсетуі; киім, аяқкиім, төсек жабдықтарын , жеке гигиена заттарын беру бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	өрескел

8	Стационар және жартылай стационар жағдайында тұрғын алаң, бейімделген орынжайлар мен құрылғылар, сондай-ақ оңалту, емдік, білім беру, мәдени іс-шараларды, діни рәсімдерді өткізу үшін жиһаз бен арнайы құралдармен жабдықталған орынжайлар беру бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	өрескел
9	Стационар және жартылай стационар жағдайларында көлік қызметтерін ұсыну бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	елеулі
10	Стационар және жартылай стационар жағдайларында тұрмыстық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету (кір жуу, кептіру, үтіктеу, киімдерді, ішкі киімдерді, төсек орын жабдықтарын дезинфекциялау) бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	елеулі
11	Стационар және жартылай стационар жағдайларында мамандандырылған кабинеттер паспорттарының болуы бойынша әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді ұсыну	болмашы
12	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: медициналық-әлеуметтік тексеруді, медициналық процедураларды, оңалту мен емдеу-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу; дәрігерге дейінгі және алғашқы медициналық-санитариялық көмек, дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуда көмек көрсету б о й ы н ш а әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну	өрескел
	Стационар және жартылай стационар жағдайларында мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес медициналық-әлеуметтік	

13	сараптама жүргізуге, протездік-ортопедиялық және есту-протездік көмекпен, санаторий-курорттық емделумен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу және техникалық (орнын толтырушы) және міндетті гигиеналық құралдарды пайдалануға үйрету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну	өрескел
14	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: әлеуметтік-медициналық мәселелер жөнінде консультация беру; паллиативтік, психиатриялық және психотерапиялық көмек көрсету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтерді ұсыну	өрескел
15	Стационар және жартылай стационар жағдайларында: психологиялық диагностиканы, тексеруді, консультация беруді, түзетуді жүзеге асыру; психологиялық көмек қызметтерін көрсету, психологиялық тренингтер, өзара қолдау топтарында, қарым-қатынас клубтарында сабақтар өткізу б о й ы н ш а әлеуметтік-психологиялық қызметтерді ұсыну	елеулі
